



Бекітемін
«Аль-Фараби» атындағы ҚазҰУ
оқу ісі жөніндегі Проректор

А.Қ. Хикметов

26.03.2020 ж.

Онлайн-форматта дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауды ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсыныстар.

1. Білім алушы аттестаттау комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) техникалық хатшысына электрондық пошта арқылы қорғау күніне дейін кемінде 10 (он) күн бұрын PDF форматында келесі құжаттарды ұсынады:

1) Университетте белгіленген стандарттарға сәйкес ресімделген дипломдық жұмысты;

2) Негізгі жұмыс орнынан қолы қойылған және ұйымның мөрі басылған ғылыми жетекшінің пікірі. Ғылыми жетекшінің жұмыс орнына кіру шектелген жағдайда, сондай-ақ пікірге қол қою мүмкіндігі болмаған жағдайда, ғылыми жетекші пікірді тікелей техникалық хатшысына электрондық пошта арқылы жібереді;

3) «Антиплагиат» жүйесінен көшіріп алуды тексеру туралы есеп.

2. Білім алушыдан 1-тармақта көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін, 2 (екі) күннен кешіктірмей, техникалық хатшы дипломдық жұмысты және көшіріп алуды тексеру туралы есепті университет ректорының бұйрығымен бекітілген рецензенттерге жібереді.

3. Қорғау күніне дейін кемінде 3 (үш) күн бұрын рецензент рецензияны техникалық хатшысына жібереді. Рецензияға рецензенттің жұмыс орнынан қол қойылады және куәландырылады. Рецензенттің жұмыс орнына кіру шектелген жағдайда, сондай-ақ рецензияға қол қою мүмкіндігі болмаған жағдайда, рецензияның шынайылығын растау рецензенттің өзінің электрондық поштасынан жіберілу фактісі болып табылады. Аяқталған дипломдық жұмысқа (жобаға) рецензияның мазмұны қорғауға дейін бір-екі күннен кешіктірілмей білім алушының назарына жеткізіледі. Дипломдық жұмыс (жоба) теріс рецензия кезінде қорғауға ұсынылуы мүмкін.

4. Техникалық хатшы қорғау күніне дейін кемінде 5 (бес) күн бұрын дипломдық жұмысты және «Антиплагиат» жүйесінен көшіріп алуды тексеру туралы есепті аттестаттау комиссиясының барлық мүшелеріне алдын ала танысу үшін электрондық пошта арқылы жібереді.

5. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау бекітілген кестеге сәйкес, Комиссия отырысында, кемінде 2/3 мүшелерінің қатысуымен онлайн-форматта өткізіледі.

6. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау үшін келесі платформаларды пайдалану ұсынылады: Microsoft Teams, Google Meet, Cisco Webex, Zoom.

Қорғауды жүргізуге арналған платформаны құрылымдық бөлімше өзі анықтайды.

7. Таңдалған платформаларда жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес, техникалық хатшы қорғауды жүргізуді жоспарлайды және қорғаудың барлық қатысушыларына (Комиссия мүшелері, білім алушылар, ғылыми жетекшілер, рецензенттер) онлайн-қосылу үшін нұсқаулық пен гиперсілтемені уақытылы таратады.

8. Ғылыми жетекшінің дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауда қатысуы және баяндамасы міндетті. Ғылыми жетекші белгілі себептермен болмаған жағдайда, бітіруші кафедра қорғау басталғанға дейін, Комиссияға тиісті құжатты ұсынуы тиіс.

9. Қорғау кезінде білім алушылар «экранның демонстрациясы» опциясына қол жеткізуі керек. Мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда, студенттер қорғау рәсімі кезінде осы материалды жүктеуді және көрсетуді қамтамасыз ететін, техникалық хатшысына, демонстрациялық материалды (ppt/pdf және т.б. форматтағы презентациялар) жіберуді алдын ала қамтамасыз етеді.

10. Техникалық хатшы Проктор функциясын орындайды және білім алушылар мен аттестаттау комиссия мүшелерінің жеке басын сәйкестендіруді жүзеге асырады.

11. Білім алушы және (немесе) Комиссия мүшесі қорғау кезінде, академиялық адалдық қағидаларын бұзған жағдайда, университеттің академиялық саясатына сәйкес шаралар қолданылады.

12. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау рәсімі келесі түрде жүзеге асырылады:

- Комиссия төрағасының дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауы туралы, оның тақырыбының атауын, авторының аты-жөнін хабарлауы;

- техникалық хатшысының студенттің қысқаша мінездемесімен, қажетті құжаттардың болуы туралы сөз сөйлеуі;

- білім алушының баяндамамен сөз сөйлеуі (7 минут шамасында);

- ғылыми жетекшінің баяндамасы (2 минут шамасында);

- рецензенттің баяндамасы (2 минут шамасында);

- білім алушының рецензенттің ескертулері мен МАК сұрақтарына жауаптары (6 минут шамасында).

Бір дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау ұзақтығы 15 минуттан аспауы тиіс.

13. Техникалық мәселелер туындаған жағдайда, білім алушыға жазбаша сұрақтар қойылады. Мұндай жағдайда Комиссия мүшелерінің сұрақтарын техникалық хатшы айтады. Білім алушы ауызша немесе жазбаша жауап береді.

14. Диплом жұмысын (жобасын) қорғау үрдісі үзілген жағдайда, білім алушы техникалық хатшыға оны жалғастыру туралы өтінішхатпен дереу жүгінеді. Комиссия қорғауды қалпына келтіру немесе тоқтату туралы шешім қабылдайды.

15. Қорғау жазбасы міндетті болып табылады және таңдалған платформадағы жұмыс жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

16. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау қорытындысы бойынша Комиссия жұмысты бағалау туралы шешім қабылдайды – «А» (өте жақсы) бастап «F» (қанағаттанарлықсыз) дейін.

17. Дипломдық жұмысты (жобаны) бағалау 1-қосымшада ұсынылған критерийлер негізінде жүзеге асырылады. Әрбір критерий бойынша ең жоғары баға 100 баллды құрайды. Қорытынды балл (ең жоғары 100 балл) келесі формула бойынша есептеледі:
$$\frac{\text{барлық критерийлер бойынша балл сомасы}}{\text{критерий саны}}$$

18. Факультет осы Ережеде көрсетілген критерийлерге сүйене отырып, білім беру бағдарламаларының ерекшелігін ескере отырып, өз критерийлерін әзірлеуге және оларды факультеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітуге құқылы.


19. Дәрежені беру бойынша дауыс беру рәсімі онлайн-сұрақтар нысанын (Google нысандары немесе басқа да ұқсас нысандар) пайдалана отырып немесе Комиссияның барлық мүшелерінің қатысуымен алқалы талқылау арқылы жасырын жүзеге асырылуы мүмкін.

20. Талқылау және дауыс беру кезінде дипломдық жұмысты (жобаны) бағалау туралы шешім қабылдау үшін білім алушылар онлайн-конференциядан шығады. Нәтижелерді жариялау кезінде, білім алушылар онлайн-конференцияға қосылады.

21. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау нәтижелері әр білім алушыға жеке бекітілген нысандағы хаттамамен ресімделеді. Хаттамаларды техникалық хатшы толтырады және отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қояды. Комиссия жұмысы аяқталғаннан кейін, барлық хаттамалар белгіленген тәртіппен сақтау үшін ЖОО мұрағатына тапсырылады.


Келісілді:

Ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі
проректор



Рамазанов Т.С.

Енгізілді:

Академиялық мәселелер жөніндегі
департамент директоры


Мухитдинова Т.М.

Ғылыми кадрларды даярлау және
аттестаттау басқармасының басшысы


Құдайбергенова Р.Е.

Дипломдық жұмысты (жобаны) бағалау критерийлері

| № | Жұмыс бөлімі және бағалау критерийлері | Балл саны |
|-----|--|-----------|
| | Кіріспе | |
| 1. | - (өзектілігі негізделген); | 100 |
| 2. | - мәселенің қазіргі жағдайына баға берілді; | 100 |
| 3. | - зерттеудің мақсаты мен міндеттері дұрыс тұжырымдалған; | 100 |
| 4. | - зерттеудің релеванттық әдіснамалық негізі таңдалды; | 100 |
| | Дипломдық жұмыстың негізгі бөлімі | |
| 5. | - зерттеу тақырыбы бойынша деректер мен әдебиеттерге шолу жасалды, соның ішінде дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбы бойынша жаңа жұмыстарға талдау жасалды, зерттелетін мәселені шешудің әр түрлі тәсілдері жарық көрді; | 100 |
| 6. | - жұмыста қолданылатын зерттеу әдістері мен нақты әдістемелерінің толық және дұрыс сипаттамасы берілген;; | 100 |
| 7. | - алынған зерттеу нәтижелері дұрыс және сенімді; | 100 |
| 8. | - алынған нәтижелер барлық қойылған міндеттерді шешу туралы айтуға мүмкіндік береді <i>(осы критерий бойынша бағалау кезінде карантин кезеңінде зертханаға бару шектелуін ескеру қажет)</i> ; | 100 |
| | Қорытынды | |
| 9. | - дипломдық жұмыс (жоба) бойынша қорытындылар дұрыс тұжырымдалған және жұмыстың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді; | 100 |
| 10. | - білім алушы қойылған міндеттерді шешуге баға береді; | 100 |
| 11. | - алынған нәтижелерді нақты пайдалану бойынша ұсыныстар әзірленді. | 100 |
| | Қосымша критерийлер | |
| 12. | - Материалды сауатты дәйекті баяндау | 100 |
| 13. | - Жұмысты ресімдеу | 100 |

| | | |
|-----|--|-----|
| | Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға ұсыну: | |
| 14. | - баяндама анық, дәйекті түрде құрастырылды, білім алушы ойын сауатты баяндайды, кәсіби терминдерді пайдалана білуді, сондай-ақ демонстрациялық материалдың жоғары сапасын көрсетеді <i>(бағалауға интернет-қосылудың мүмкін болатын техникалық ақаулары әсер етпеуі тиіс)</i> . | 100 |
| | Дипломдық жұмыс (жоба) бойынша сұрақтарға жауаптар: | |
| 15. | - білім алушы қорғау кезінде қойылған сұрақтарға және рецензенттің ескертулеріне, дұрыс және толық жауап берді; | 100 |
| 16. | - білім алушының жауаптары өзі жүргізген зерттеудің дербестігін растайды. | 100 |